

**Жуалы ауданында мүгедек қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу мөлшерін және тәртібін айқындау туралы**

### *Күшін жойған*

Жамбыл облысы Жуалы аудандық мәслихатының 2016 жылғы 21 қазандағы № 7-4 шешімі. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2016 жылғы 16 қарашада № 3214 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Жуалы аудандық мәслихатының 2022 жылғы 28 ақпандағы № 20-3 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы Жуалы аудандық мәслихатының 28.02.2022 № 20-3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі Заңының 16 бабының 4 тармақшасына сәйкес, Жуалы аудандық мәслихаты

### **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мүгедектер қатарындағы кемтар балалардың ата-аналарының және өзге де заңды өкілдерінің жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу тоқсан сайын алты айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айқындалсын.

2. Келесі тәртіп айқындалсын:

1) оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алуды "Жуалы ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесімен жергілікті бюджет есебінен жүргізіледі;

2) оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу кемтар балалардың ата-анасының біреуіне немесе өзге де заңды өкілдеріне (бұдан әрі - алушы) беріледі.

3) оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу үшін келесі құжаттарды ұсынады: өтініш, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 279 бұйрығымен бекітілген "Мүгедек балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу" мемлекеттік

көрсетілетін қызмет стандартының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11342 болып тіркелген) (бұдан әрі - Стандарт) 1 - қосымшасына сәйкес нысан бойынша;

көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат;

психологиялық – медициналық – педагогикалық консультацияның қорытындысы;

"Медициналық – әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 44 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №10589 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша мүгедектігі туралы анықтамасы;

банктегі шоттың болуы туралы құжат;

Стандарттың 2 қосымшасына сәйкес нысан бойынша мүгедек баланы үйде оқыту фактісін растайтын оқу орнының анықтамасы.

**Ескерту. 2– тармаққа өзгерістер енгізілді - Жамбыл облысы Жуалы аудандық мәслихатының 03.11.2020 № 73-4 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

3. Осы шешімнің орындалуына бақылау және интернет – ресурстарында жариялауды аудандық мәслихаттың әкімшілік аумақтық құрылым, аумақты әлеуметтік экономикалық дамыту, бюджет және жергілікті салықтар мәселелері, адамдардың құқығын қорғау жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат  
сессиясының төрағасы  
Э. Мамедова*

*Аудандық  
мәслихаттың хатшысы  
Е. Тлеубеков*